



6 | ТАҒЫЛЫМДАМА



2024 жылы 11-18 тамыз аралығында Сингапур қаласында «Көшбасшылар мен оқытушыларға арналған бағдарламасы» атты тақырыбында өткен тағылымдамаға колледж директоры Сарыбекова Ж.Н. және ақпараттық технологиялар орталығының меңгерушісі

Исмаилова А.Е. қатысты.

Тағылымдама жоспарына сәйкес Сингапурдағы Орта және кәсіптік білім беру жүйесімен және Nanyang Technological University (NTU), Ұлттық білім беру институты (NIE), құрылымымен, сонымен қатар жаңашыл әрі тиімді әдіс-тәсілдерімен таныстырылды.

CDIO (Conceive-Design-Implement-Operate) жүйесімен STEM білім беруді қайта құру, (Ұйымдастыру-Жобалау-Орындау-Операция).

Singapore Polytechnic университетіндегі CDIO бағдарламасын пайдаланатын озық зертханалар мен инновациялық білім беру орталықтарымен таныстырылды. Бұл тағылымдамада профессорлардың әдістемесін, жеке тәжірибесін, пәнді меңгеру барысында қолданатын жаңа технологияларын көріп танысуға, оқыту, ынталандыру, дамытудағы конструктивтік тәсілдер арқылы қызығушылық пен ынтаны арттырып, инновациялық сала бойынша түрлі дағды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Сингапурдағы білім беру жүйесі бойынша тәжірибесінен аларымыз, өз тәжірибемізге қосарымыз мол.

«WorldskillsLyon - 2024» кәсіби шеберліктің әлем чемпионатына «Болашақтың дағдылары және кәсіптік білім берудегі білім беру инновациялары:

Франция тәжірибесі» тақырыбындағы халықаралық тағылымдама

09.09.-17.09.2024 ж.

аралығында әдістемелік кабинет меңгерушісі Л.К.Мейрманова, офис-регистрация басшысы С.Г.Бибосынова, клиникалық пәндер оқытушысы Ж.А.Токташева«Worldskills Lyon - 2024» кәсіби шеберліктің әлем чемпионатына «Болашақтың дағдылары және кәсіптік білім берудегі білім беру инновациялары: Франция тәжірибесі» тақырыбындағы халықаралық тағылымдама бағдарламасына қатысты.

Халықаралық тағылымдама бағдарламасына Лиондағы SEPR кәсіптік оқу орталығына оқу сапары, SEPR кәсіптік білім беру орталығының Аннонай қаласындағы филиалына бару (Serg Annonay) кірді. SEPR алты бағыт бойынша 120-дан астам оқу бағдарламаларын ұсынды. Аннонэ қаласында орналасқан SEPR (Serg Annonay)білім беру қалашығында студенттер мен олардың тәлімгерлері дайындаған ерекше тағамдарды дайындау бойынша шеберлік-класстары көрсетілді.

Сондай-ақ Ғылым және өнеркәсіп қаласының халықаралық бөлімінің басшысымен кездесу



ұйымдастырылып, онда «Кәсіптік білім берудегі инновациялық тәсілдер: болашақ бағыттары мен перспективалары» (Cité des Sciences et de l'industrie) тақырыбында дәріс оқылды. Сонымен қатар «Еcole 42» программисттерге арналған болашақ мектебінің халықаралық бөлімінің өкілімен кездесті. Халықаралық тағылымдама бағдарламасының ерекше маңызды бөлігі - LDLC Arena-да ұйымдастырылған «Worldskills Lyon - 2024» әлемдік шеберлік чемпионатының жұмыс алаңына бару болды, онда 31 құзыреттілік бойынша жұмыс алаңдарының ұйымдастырылуын және жабдыкталуымен танысты.

"WorldSkills Lyon 2024" 47-ші чемпионатының салтанатты жабылуына қатысып, жарыс қорытындысы мен қатысушылардың жетістіктері қорытындыланды.

7 | ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ

02.10.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде оқу- әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Жас маман, болашаққа бас қадам!» тақырыбында жас мамандар мектебінің отырысы өтті.

Күн тәртібінде:

1. Жас мамандарды және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. Педагог тұлғасына қойылатын талаптар.

Жауапты: әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Мейрманова Л.К.

2. Теориялық және тәжірибелік сабақ жоспарын құрастыру бойынша практикум.

Жауаптылар: «Жұкпалы аурулар» пәнінің оқытушысы Блейменова Б.Б. «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушысы: Мухажанова Р.Д.

3. Қысқа мерзімді жоспарды құрастыру бойынша практикум. Жауапты: «Биология» пәнінің оқытушысы Көбегенова А.Т.

4. Нормативтік құжаттармен таныстыру (Журнал толтыруды түсіндіру)

Жауапты: офис- регистратор басшысы Бибосынова С.Г.

5. Жас мамандарға On-line режимінде оқыту барысы бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Жауапты: офис- регистратор әдіскері Жакипова М.Ж.

6. Психологиялық тренинг

Жауапты: колледж психологы Өскенбаева А.Н.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

1-ші Қыркүйек Білім күні

2024-2025 оқу жылының алғашқы білім күніне арналған «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!» тақырыбында салтанатты жиын өтті.

01

МЕКТЕПKE ЖОЛ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЦИЯСЫ

«Бақытты отбасы- бақытты балалық шақ»

02

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Колледж оқытушылары студенттермен «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

03

ҚАСЫМ ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

04

КЕЗДЕСУ; ДӘРІС;

«Тіл жанашырлары – ел жанашырлары» атты тақырыбында тіл маманымен кездесу өткізілді.

05

ТАҒЫЛЫМДАМА

«Көшбасшылар мен оқытушыларға арналған бағдарламасы» атты тақырыбында өткен тағылымдама

06

ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ

оқу- әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Жас маман, болашаққа бас қадам!» тақырыбында жас мамандар мектебінің отырысы өтті.

07

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰСТАЗДАР КҮНІ

Колледжде Мерекелік іс-шаралар өткізілді.

09

ШАБЫТ ЖОБАСЫ

"Шабыт" жобасы аясында дене шынықтыру пәнінің оқытушылары студенттер арасында жарыс ұйымдастырды

08





1 | 1 ҚЫРКҮЙЕК БІЛІМ КҮНІ

Жамбыл жоғары медициналық колледжі 2024-2025 оқу жылының алғашқы білім күніне арналған «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!» тақырыбында салтанатты жиынын өткізді. Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталып,



колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызының құттықтауымен жалғасты. Жиынға арнайы шақырылған Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ КТІЖ УИП полиция капитаны Убайдуллаев Султан Есенбекович тәртіп пен адалдық дәрісін оқыса,

директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Ляззат Тураровна жаңа түскен топтарға оқу процесі мен кестесін және топ кураторларын таныстырып өтті. Іс-шараға Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясынан келген әнші Шәріпханова Гүлжан студенттерді білім күнімен құттықтап, әсем әндерін тарту етті.

2 | МЕКТЕПKE ЖОЛ-РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ



«АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалының «Алау» бастауыш партия ұйымының төрайымы Сарыбекова Жамиля Нургалиевна партияның «Бақытты отбасы-бақытты балалық шақ» партиялық жобасы бойынша «Мектепке жол-Республикалық акциясы»

аясында көмекті қажет ететін аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

3 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 02.09. 2024 жылы "Мейіргер ісі" 102 топ студенттерімен "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм" тақырыбында кураторлық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Білімге деген құндылықты қалыптастыру және өзін-өзі дамытуға бағдарлау.

Жауапты куратор: Иманалиева Г.Ж.

02.09. 2024 жылы “Адал адам – адал еңбек – адал табыс” тақырыбында “Жас ұрпақты тәрбиелеу”, жастардың

бойында отансүйгіштік сезімін арттыру мақсатында 107 топ “Мейіргер ісі” студенттерімен тәрбие сағаты өткізілді. Жауапты куратор: Сағындықова Б.А., 02.09. 2024 жылы "Мейіргер ісі" 203М-9/23 топ студенттерімен "Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және патриотизм" тақырыбында кураторлық тәрбие сағатын топ кураторы Тұрсынбаева Р.К. өткізді. Сондай ақ оқытушы Ташмаханбетова А.С. 02.09. 2024 жылы 213ЕФ-9/23 топ «Емдеу ісі» бөлімінің студенттерімен «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және патриотизм» тақырыбында кураторлық тәрбие сағатын өткізді.

02.09.2024 ж. 117ЕФ-9/24 топ студенттерімен, «Адал адам. Адал еңбек. Адал табыс!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Гимнін орындаудан басталды. Топ кураторы: Оскенбаева сөз алып, Ш.Уалихановтың қанатты сөзімен бастады, «Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ» сөзінің мәнін ашып, түсіндірді. Тәрбие сағатында, студенттер өз ойларымен бөлісіп, «Адалдық» сөзін жан-жақты аша білді.



Топ кураторы: Оскенбаева А.Н.

14.02.2024ж. 112М-9/24 топ және 108М-9/22 топ “Мейіргер ісі” бөлімінің студенттерімен “Отбасым бақыт мекенім” тақырыбында кураторлық тәрбие сағаты өтілді. Тәрбие сағатының мақсаты: студенттердің отбасы, жанұя туралы білімдерін шындай түсу, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу. Жақын адамдарына пайда келтіру мен отбасында өмір сүру қажеттіліктерін қалыптастыру.



Жауапты кураторлар: Дидарбекова Макпал Кайратовна, Махмұд Асима Рифхатовна.

27.09.2024 ж. күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінің мәжіліс залында «Ата-ананың тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа арнайы шақырылған қонақтар:

1. Байхожаев Берікбол Ұзақұлы-ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Жамбыл облысы бойынша өкілі;
2. Сүйімкүл Шарапат Батырбекқызы-«Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің төрайымы;
3. Киңжеханова Диляфруз Абазовна- Жамбыл облысы ПД жергілікті полиция қызметі басқармасы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесінің аға инспекторы, полиция подполковнигі;
4. Мусаева Анар Бекзатовна- Жамбыл облысы ПД жергілікті полиция қызметі басқармасы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесінің аға инспекторы, полиция майоры;
5. Убайдуллаев Сұлтан Есенбекович-Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ аға инспекторы, полиция капитаны.

Ата-аналар жиналысында директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Ляззат Тураровна ата-аналар жиналысының мақсаты мен шақырылған қонақтарды таныстырып, колледждің оқу-тәрбие жұмысы, материалдық-техникалық базасы туралы мәлімет берді.

4 | ҚАСЫМ ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



Бүгін 2-ші қыркүйек 2024 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Қазақстан Республикасы Президенті Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауын тыңдау

және талқылау мақсатында колледж оқытушыларымен жиналыс өтті. Жиналыс соңында Мемлекет Басшысы Жолдауын насихаттауға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

5 | КЕЗДЕСУ; ДӘРІС

05.09.2024 ж. Студенттердің тілге, Отанға деген құрметін арттыру, сүйіспеншілік сезімдерін ояту мақсатында Ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне арналған Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай «Тіл жанашырлары – ел жанашырлары» атты тақырыбында тіл маманымен кездесу өткізілді. Кездесуге Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Тілдерді оқыту» орталығының әдіскері Бекешова Гүлшат Базарбайқызы қатысты. Кездесуде тіл жанашырларының туындысынан үзінді олең оқылып, келген қонаққа сұрақтар қойылды. Қозғалған тақырыптар төңірегіндегі студенттер өз ойларын түйіндеді. Жауаптылар: казак тілі және әдебиет пәнінің оқытушылары Абдраимова Н.Ж., Абдалимова З.И.



09.09.2024. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 1-2 курс студенттеріне тәрбие бөлімі және Жамбыл облысы әкімдігінің Дін проблемаларын зерттеу орталығының бөлім басшысы Жақыпов Ерзат Жасқанбайұлымен “Жастар арасында діни радикализмнің алдын алу” тақырыбында ақпараттық дәріс сабақ өтілді. Дәрісте студенттерге тақырыптық бейне-роликтер және таратпалар таратылды. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берілді.

11.09.2024. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде студенттердің бір біріне сенімділіктерін арттыру, өзара жақсы қарым қатынаста болу және колледж өміріне бейімделу мақсатында “Кел, танысайық” атты 1 курс студенттері арасында психологиялық тренинг өтті.

18.09.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде "АЭС салудың тиімділігі" тақырыбында кездесу өтті.

Кездесу қонақтары:

1. Жамбыл облысы кәсіподақтар орталығы төрағасының орынбасары Қараулов Бахтияр Сайлаубекұлы.
2. Жамбыл облысы әкімдігі ақпарат және қоғамдық даму басқармасының "Жастар ресурстық орталығы"

КММ-нің Ұйымдастыру және бақылау бөлім басшысы Мырзатай Медеу Жаналыұлы.

Ұйымдастырушылар: Ақпараттық технологиялар орталығының меңгерушісі Сұлтанғалиева Айнұр, Сұлтанғалиқызы, колледждің жастар ісі жөніндегі инспекторы Әбдіманапова Томирис Алмазқызы.



12.09.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімді күшейту, сауаттылықты арттыру мақсатында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша

департаменті өкілдерінің қатысуымен Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде өтетін «Адалдық сағаты» акция аясында колледж ұжымымен және 1,2 курс студенттерімен кездесу өтті. Кездесу барысында Бактыхожаев Ербол Жұмақадырұлы – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің Превенция басқармасының басшысы сөз алып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шаралармен таныстырды.

26.09.2024 ж. күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Достығы жарасқан елміз!» тақырыбында Қазақстандағы түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген татулығын, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау мақсатында «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» мүшелерімен және «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерімен мотивациялық кездесу өтті.

Кездесу қонақтары: Тараз қаласы өзбек этно-мәдени бірлестігінің өкілі А.Ю.Зайнутдинов, және де «Архыз» республикалық қоғамдық бірлестігінің Бірлік – Қарашай-балкарлардың Жамбыл филиалы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Л.Узденова

Жауапты: әлеуметтік педагог Буксукбаева А.А.

«АМАНАТ» партиясының ұйымдастыруымен Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Алау БПҰ – ның мүшелерімен және кәмелеттік жасқа толған студенттермен 2024 жылғы 6 қазанда өтілетін республикалық референдум бойынша кездесу өткізілді. Кездесуге Аманат партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Бейсенқұлов Дауыл Ынтықбайұлы, Жамбыл облыстық мәслихатының депутаты Даутов Оралхан Абдрашұлы, М.Х.Дулати атындағы ТарӨу Басқарма мүшесі – ғылым және цифрландыру жөніндегі проректоры Орынбаев Сейтжан Әуесжанұлы, Жамбыл жоғары медициналық колледжі директоры, «Алау» БПҰ төрайымы Сарыбекова Жамиля Нургалиевна қатысты.





8 | ШАБЫТ жобасы



18.09.2024 жылы ЖЖМК "Дене шынықтыру және спортты дамыту" комиссиясының жоспарына сәйкес. "Шабыт" жобасы аясында салауатты өмір салтын ұстануды тиімді ұйымдастыру мақсатында (қыздар) арасында волейболдан колледж

біріншілігі өткізілді. Жарысқа колледжіміздің

I курс студенттері қатысты.

Жарыстың қорытындысы бойынша "Үздік ойыншы" номинациясымен Жанат Жансая 102 М-9/24 топ студенті марапатталды, I-орынды 102 М-9/24, II-орынды 117 ЕФ-9/24, III-орын 101 М-9/24 топ студенттері иеленді.

Жүлделі орындарды иеленген командалар ЖЖМК студенттер кәсіподақ ұйымы ұсынған дипломдармен және кубоктармен марапатталды.



25.09.2024ж ЖЖМК "Дене шынықтыру және спортты дамыту" комиссиясының жоспарына сәйкес. "Шабыт" жобасы аясында салауатты өмір салтын ұстануды тиімді ұйымдастыру мақсатында (ұлдар) арасында волейболдан колледж біріншілігі өткізілді. Жарысқа колледжіміздің I курс студенттері қатысты

Жарыстың қорытындысы бойынша "Үздік ойыншы" номинациясымен Сахи Нұрасыл 133 ЕФ-9/24 топ студенті марапатталды. I-орынды 119 ЕФ-9/24 II-орынды 126 ЕФ-9/24 III-орын 133 М-9/24 топ студенттері иеленді.

Жүлделі орындарды иеленген командалар ЖЖМК студенттер кәсіподақ ұйымы ұсынған дипломдармен және кубоктармен марапатталды.

Ұйымдастырушы: №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясы.



9 | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ; ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰСТАЗДАР КҮНІ

«1қазан– Халықаралық қарттар күні»

«1қазан– Халықаралық қарттар күні» мерекесіне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Атаулы мерекелік іс-шара колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызының



ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен өткізілді.



құттықтау сөзімен басталды. Келген қонақтар да өздерінің ізгі тілектерін білдірді. Бүгінде колледжімізге еңбегі сіңген 48 ардагерлерімізге сый-құрмет көрсетілді.


Осы іс-шара №2 Жалпы білім беру және жалпы

ҰСТАЗДАР КҮНІ! ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

5.10.2024 ж. Халықаралық ұстаздар күніне орай «Мейіргер ісі» бөлімінің ұйымдастыруымен «Ұстаз - ұлағатты ұлы есім» тақырыбында салтанатты концерт өтті.

Салтанатты құттықтауда колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызы ұстаздар қауымын төл мерекелерімен құттықтап, ұстаздардың еңбектерін бағалап, құрмет грамотасы және алғыс хаттармен марапаттады. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.М. Мураталиева ұстаздарды кәсіби төл мерекесімен құттықтап, мерекелік сыйлықтарын тарту етті.

Жауапты: №2 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушылары.







10 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



5 қазан ұстаздар күніне орай Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және Әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» келесі оқытушылар: Тұрсынбаева Роза

Кеншіліковна, Турмысова Фарида Досмұханбетова, Байбосынова Консуелла Жапаровна, Алтынбекова Жанна Ратбековна, Иманбекова Жамиля Болатхановна марапатталды.



«SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ - нің Жамбыл облыстық филиалы ұстаздар күніне орай денсаулық сақтау мен білім беру саласындағы адал еңбегі және кәсіподақ қозғалысының нығайуына




қосқан үлесі үшін келесі оқытушылар: Құдайбергенова Айсулу Кенжебековна, Тойланбаева Қарлығаш Алменбаевна, Айнаукулов Малик Қырықбаевич, Бердалиева Эльмира Бегалиевна марапатталды.

22.08.2024-30.08.2024 ж аралығында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Денсаулықтыру» пәнінің оқытушысы Оналбаев Әділет Адильханұлы Жамбыл облысы құрамасы сапында Атырау қаласында өткен білім беру ұйымдарының ұстаздары арасында футболдан республикалық турнирде II орын иеленді.



11 КОЛЛЕДЖ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ БАСЫЛЫМДАРЫ



«Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Айдралиева Асель Болатовна Республикалық медициналық «Ординатор» журналына «Исследование распространенности табакокурения среди студентов» тақырыбында мақала жариялады.

Директордың оқу-өндірістік жөніндегі орынбасары Андакулова Құралай Тлеулесовна және колледж оқытушысы Нурбаева Рабиға Тлеубековна «Фармакология» пәнінен «Фармакология с рецептурой формирование способности к профессиональной коммуникации фармацевтов» тақырыбында оқу құралын шығарды.



10 БІЛІКТІЛІК

09.09-19.09.2024 жыл аралығында ҚР оқу ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Техникалық және кәсіптік білім берудегі инклюзивті оқытудың негізгі аспектілері» тақырыбында әдіскер Коконбаева А.К., «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Дүйсембаева Ұ.Е. және колледж оқытушылары Баєтова А.Қ., Аманбенкова А.А., Дидарбекова М.К., Юсупова Н.Т. өз біліктіліктерін арттырды.

09.09-19.09.2024 жыл аралығында ҚР оқу ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагог-ұйымдастырушыларының кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында колледж оқытушылары Усенов Р.Б., Рахмаш Ж.Н. өз біліктіліктерін арттырды.

09.09-19.09.2024 жыл аралығында ҚР оқу ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Техникалық және кәсіптік білім берудегі жаһандық құзыреттілік» тақырыбында колледж оқытушысы Жунисова К.К. өз біліктілігін арттырды.

